

**«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ**

**Өңірлік және мектеп
үйлестірушілеріне арналған
критериалды бағалау бойынша
нұсқаулық**

Оқу-әдістемелік құрал

Астана, 2016

**«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ**

**ӨНІРЛІК ЖӘНЕ МЕКТЕП
ҮЙЛЕСТІРУШІЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН
КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ БОЙЫНША
НҰСҚАУЛЫҚ**

Оқу-әдістемелік құрал

Астана, 2016

ӘОЖ 371.3
КБЖ 74.202.5
Ө54

Пікір білдірушілер:

М.Н.Сарыбеков — п.ғ.д, профессор, М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті

К.М.Кертаева — п.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдіст. құрал /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ /О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен.
- Астана, 2016. - 46 б.

ISBN 978-601-7905-70-5

Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық педагогикалық өлшеуге қатысты білім беру саясатын дамыту, оны мектеп, облыс, өңір деңгейінде жүзеге асырудың негізгі қағидаттары (принциптері) мен тәсілдерін көрсететін құжат болып табылады. Нұсқаулықта критериалды бағалау жүйесінің терминдері мен анықтамалары, үйлестірушілерге көмек ретінде білім алушылардың оқу жетістігін қалыптастырушы, жиынтық бағалау үдерісін басқару, ұйымдастыру, жоспарлауға қатысты тәжірибелік ұсыныстар берілген.

Нұсқаулық мектеп әкімшілігіне, аудандық/қалалық білім беру бөлімдерінің әдіскерлеріне, білім беру басқармалары мен педагогикалық қауымға арналған.

ӘОЖ 371.3
КЖБ 74.202.5

ISBN 978-601-7905-70-5

© «Назарбаев зияткерлік мектептері»ДББҰ
«Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы, 2016

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	6
2 КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ (ПРИНЦИПТЕРІ)	8
3 КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ	9
4 КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ	13
5 КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	22
6 ҮЙЛЕСТІРУШІЛЕР ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ	24
6.1 Критериалды бағалау жүйесін енгізу үдерісін басқару	24
6.2 Әдістемелік бірлестік жетекшілерінің іс-әрекеттері.....	26
6.3 Мектеп үйлестірушісінің іс-әрекеті	27
6.4 Өңірлік үйлестірушінің іс-әрекеті.....	30
7 КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ	33
ҚОРЫТЫНДЫ	35
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	36
ҚОСЫМШАЛАР	39

КІРІСПЕ

Білім алушылардың күтілетін оқу нәтижелері жетістігін бағалау жүйесі білім беру мазмұнының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Жаңартылған орта білім беруді енгізу кезінде білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі қолданылады.

Қазақстан үшін жаңа критериалды бағалау жүйесі білім алушыларды оқуға ынталандыруға, қызығушылығын арттыруға, дамытуға бағытталған. Егер әр білім алушыға, оның ата-аналарына түсінікті анық, өлшемді бағалау критерийлері берілсе, бұған қол жеткізуге әбден болады.

Критериалды бағалау жүйесі жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау тәжірибесіне өзгерістер енгізудің негізін анықтайды. Бұл бағалау рәсімдерінің сапалылығын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін, әр білім алушының оқудағы қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ЭЫДҰ мәліметі бойынша (2014), критерий негізіндегі бағалаудың барынша нақты сипаттамасы бар, ол қазақстандық мектептерде оқыту сапасын арттыру үшін қажетті жағдайларды құруға мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау жүйесін енгізудің мақсаты бағалау критерийлерінің негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну.

Критериалды бағалау жүйесінің міндеттері:

1. Оқу үдерісінде бағалаудың қызметі мен мүмкіндіктері аясын кеңейту;
2. Жүйелі кері байланыс орнату арқылы білім алушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруына жағдай жасау;
3. Бірыңғай стандарттарды, сапалы бағалау құралдарын, механизмдерін қалыптастыруға көмектесу;
4. Қолжетімді, нақты, үздіксіз:
 - білім алушыларға олардың оқу сапасы туралы;
 - мұғалімдерге білім алушылардың ілгерілеуі туралы;
 - ата-аналарға оқу нәтижелерінің деңгейлері туралы;
 - басқару органдарына ұсынылған білім беру қызметінің сапасы туралы ақпараттар ұсыну.

Критериалды бағалау жүйесін енгізу жүйелі негізде кезеңдер бойынша жүргізіледі. Бұл бағалау үдерісін қолдауды, өз кезегінде үйлестіруді қажет етеді. Аталған міндеттерді жүзеге асыру критериалды бағалау бойынша өңірлік, мектеп үйлестірушілеріне жүктеледі (бұдан әрі - үйлестірушілер). Өңірлік үйлестірушілер аудандық/қалалық білім беру бөлімдерінің

әдіскерлері ішінен, мектеп үйлестірушілері жалпы білім беретін мектептерде директордың орынбасарлары ішінен анықталады.

Үйлестірушілердің негізгі рөлі бағалау жүйесін сапалы басқаруды, қалыптастырушы, жиынтық бағалауға қатысты үдерістер, рәсімдерді жүзеге асыруды, сондай-ақ, бағалау рәсімдерін іске асыруға қолдау көрсетуді қамтамасыз ету болып табылады.

1 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Аталған құжатта төмендегідей терминдер қолданылады:

Бағалау критерийі – білім алушының оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі.

Бағалау нәтижелерін тіркейтін электрондық журнал – жиынтық бағалау (бөлім/ортақ тақырыптар, тоқсан) нәтижелерін тіркейтін және тоқсандық, жылдық, қорытынды бағаларды автоматты түрде есептеуді жүзеге асыратын электрондық құжат.

Балл қою кестесі – тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларына балл қою бойынша бірыңғай норманы белгілеу үшін мұғалімдер қолданатын кесте.

Білім алушылар портфолиосы – пән бойынша оқу жылына білім алушының оқу жетістігінің жеке және жинақталған бағаларын тіркейтін тәсіл.

Білім алушының оқу жетістігі деңгейі – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістігін дамыту деңгейі.

Дескриптор – тапсырмаларды орындау кезіндегі әрекетті көрсететін сипаттама.

Жиынтық бағалау – оқу бағдарламасындағы бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан/триместр, оқу жылы) аяқталғанда өткізілетін бағалаудың түрі.

Жиынтық жұмыс – оқудың белгілі бір кезеңінде пән бойынша білім алушылардың оқу жетістігі деңгейін анықтау үшін белгіленген оқушылар жұмысы.

Кері байланыс – белгілі бір оқиға немесе әрекетке жауап беру, үн қату, пікір білдіру.

Критериалды бағалау – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі.

Қалыптастырушы бағалау – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етіп, үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі.

Модерация – бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін қойылған балдарды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмыстарын талқылап қарастыратын үдеріс.

Ойлау дағдыларының деңгейлері – әрбір деңгейі ойлау дағдыларын анықтауды қалыптастыруға бағытталған оқу мақсаттарының иерархиялық өзара байланыстағы жүйесі.

Оқу бағдарламасының ортақ тақырыбы – нақты пән бойынша оқу мақсаттарына жету үшін түрлі пәндер аясында білімі мен білігін біріктіретін құрал ретінде пайдаланылатын мазмұны бірыңғай ортақ компонент.

Оқу мақсаттары – оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқу курсы аралығында білу, түсіну және дағды жетістіктеріне қатысты күтілетін нәтижелерді қалыптастыратын тұжырым.

Оқытудың күтілетін нәтижелері – білім алушының оқу үдерісі аяқталған кезде нені біліп, түсініп, нені көрсете алатынын айқындайтын құзыреттіліктер жиынтығы.

Рефлексия – қайта ойлауға және өз әрекетінің нәтижелеріне талдау жасауға, өзін-өзі тануға бағытталған ойлау үдерісі.

Рубрика – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлерін сипаттау тәсілі.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы – тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен құрылымын құрастыруға және оны өткізуге қойылатын талаптар.

Түрлі деңгейдегі тапсырмалар – білім алушының қабілетін есепке ала отырып, дифференциациялық оқытуды ұйымдастыру үшін қолданылатын күрделілігі түрлі деңгейдегі тапсырмалар.

2 КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ (ПРИНЦИПТЕРІ)

Критериалды бағалау төмендегідей қағидаттарға (принциптерге) сәйкес жүзеге асырылады:

- **Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы.** Бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады, ол оқу бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты.
- **Шынайылық, анықтық және валидтілік.** Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады. Қолданылатын критерийлердің, құралдардың оқу мақсаттарына жетуге, күтілетін нәтижелерді бағалайтынына сенімділігі болады.
- **Ашықтық және қолжетімділік.** Бағалау түсінікті, айқын ақпараттарды ұсынады, сондай-ақ, барлық оқу үдерісіне қатысушылардың қызығушылығын, жауапкершілігін арттырады.
- **Үздіксіздік.** Бағалау білім алушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады.
- **Дамыту бағыты.** Бағалау нәтижелері білім алушылардың, мұғалімдердің, мектептің, білім беру саласының даму бағытын анықтайды және ынталандырады.

3 КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ

Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны стандарттармен, үдерістермен, бағалау құралдарымен, нәтижелерімен анықталады (1-сурет).



1-сурет. Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны

Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны төмендегідей нұсқаулық-әдістемелік құжаттар арқылы реттеледі:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім);
- Оқу бағдарламасы;
- Оқу жоспары;
- Жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын, білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалауды өткізу тәртібі¹;
- Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық;
- Негізгі, жалпы орта мектептердің мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық;

¹ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттары.

- Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық;
- Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы;
- Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім)

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі - ҚР МЖМББС) бойынша:

- білім алушылардың дайындық деңгейін;
- білім беру мазмұнын;
- білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемін;
- оқу мерзіміне қойылатын жалпы талаптардың жиынтығын анықтайды.

Бағалаудың стандарты болып табылатын күтілетін нәтижелер пәндер бойынша ҚР МЖМББС-нда таксономиялық тәсіл арқылы ұсынылды. Таксономиялық тәсілдер негізінде білім беру деңгейін аяқтау бойынша білім алушылардың білуі, түсінуі, қолдануы, талдауы, жинақтау жасауы және бағалауы анықталады.

Оқу бағдарламасы

Оқу бағдарламасы әр пәннің мақсатын, құндылықтарын белгілейді, мұғалімнің ұстанымына сәйкес педагогикалық тәсілдерді қысқаша сипаттайды. Бұл құжат әр пәннің құрылымы мен мазмұны туралы ақпараттарды қамтиды. Оқу бағдарламасының мазмұны бөлім, бөлімше, ортақ тақырыптар бойынша берілген.

Оқу жоспары

Оқу жоспарында оқу бағдарламасының мазмұнын пәндер бойынша оқытудың ұсыныстары сыныптар арқылы көрсетілген. Мұғалімдер оқу жоспарында көрсетілген іс-шаралар түрлерін білім алушылардың оқу бағдарламасы мазмұнын білетініне және барлық оқу мақсаттарына жеткеніне көз жеткізу үшін қолдануына болады.

Мұғалім мен білім алушылардың сабақта нәтижеге қол жеткізуі үшін оқу мақсаттарына қатысты ортақ түсініктері болуы маңызды. Ортақ түсініктің болуы үшін мұғалімдер оқу жоспарында көрсетілген түрлі стратегияларды қолданады.

Жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын, білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалауды өткізу тәртібі

Құжатта мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес білім берудің оқу бағдарламасына енгізілетін және апробацияланатын Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарындағы білім алатын білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды ұйымдастыру, өткізу тәртібі анықталады және төмендегідей бағалау рәсімдерімен реттеледі:

- қалыптастырушы және жиынтық бағалауды ұйымдастыру, өткізу рәсімдері;
- тоқсандық жиынтық бағалаудың модерациясын өткізу рәсімдері;
- тоқсандық және оқу жылына қойылатын бағалар рәсімдері;
- білім алушылардың портфолиосын жүргізу бойынша ұсыныстар.

Бастауыш, орта, негізгі орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық

Критериалды бағалауға арналған бұл нұсқаулық жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу аясында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша мұғалімнің іс-әрекетіне өзгерістер енгізудің теориялық және тәжірибелік негізін анықтайды. Берілген ұсыныстар бағалау рәсімдерін, олардың белгіленген стандарттарға сәйкестігін, әр білім алушының оқудағы қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ұсыныстар мен мысалдар бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру мектептерінің оқу материалдары негізінде құрастырылған.

Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалауды енгізу бойынша нұсқаулық.

Әрбір қалалық/аудандық білім беру бөлімдерінде, мектептерде критериалды бағалау жүйесін енгізу үдерісін үйлестіретін жауапты тұлғалар тағайындалады. Бұл жалпы білім беретін мектептерде критериалды бағалау жүйесін енгізу мен қолданудың тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Нұсқаулықта бағалау үдерісін ұйымдастыру бойынша іс-әрекеттердің негізгі бағыттары мен тәжірибелік ұсыныстар үйлестірушілерге көмек ретінде берілген.

Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы

Жинақта оқу бағдарламасындағы барлық оқу мақсаттары бойынша қалыптастырушы бағалауды өткізуге арналған тапсырмалар үлгілері дескрипторлармен бірге ұсынылған. Тапсырмалар ұсыныс түрінде берілген, білім алушылардың мүмкіндігін, қажеттіліктерін есепке ала отырып, бейімдеуге болады.

Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар


Әдістемелік нұсқаулықта бөлім/ортақ тақырыптар бойынша және тоқсандық жиынтық бағалауды ұйымдастыру, өткізу жолдары көрсетілген. Құжатта төмендегідей ақпараттар берілген:

- бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыруға қатысты ұсыныстар;
- бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың балмен, дескрипторлармен бірге берілген тапсырмалар үлгілері;
- тапсырмаларды құрастыру, рәсімдерді өткізу бойынша тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы;
- тоқсандық жиынтық бағалаудың балл қою кестесімен бірге тапсырмалар үлгілері.

4 КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

«Критериалды бағалау» терминін алғаш Роберт Глейзер (1963) қолданған, ол әдеттегі мінез-құлық моделінің жиынын анықтау үдерісін, білім алушылардың оқу жетістігі деңгейінің шамасы мен қолжетімділігінің арасындағы сәйкестікті сипаттады. Бұл білім алушы әрекетін алдын ала анықталған критерийлерді тіркеп жинақтау арқылы бағалауды білдіреді. Глейзер критериалды стандарттағы бағалаудың басқа білім алушылар жетістігіне тәуелділік пен салыстыруға қатысы жоқ екенін, сондай-ақ, әр білім алушының құзыреттілік деңгейі туралы ақпараттануға бағытталғандығын атап көрсетті.

Білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі оқыту, оқу, бағалаудың өзара байланысына және оқу үдерісін ұйымдастырудың бірыңғай тәсілдерін қамтамасыз етуге негізделген (Бойл және Чарльз, 2010). Бұл барлық бағалау элементтері арасындағы өзара байланыс орнатуды, теориялық негіздемені болжамдайды (оқу мақсаттары, бағалау түрлері, құралдары мен нәтижелері). 2-суретте критериалды бағалау жүйесінің тұжырымдамалық (концептуалдық) құрылымы көрсетілген.



2-сурет. Критериалды бағалау жүйесінің тұжырымдамалық (концептуалдық) құрылымы

Білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі:

- оқыту мен бағалаудың тұтастығына негізделеді;
- білім алушылардың үлгерімін, ілгерілеуін қамтамасыз етудің бірыңғай тәсілін қалыптастыруға бағытталады;
- оқу бағдарламасына сәйкес дағдыларды дамытуды, білім алу дәлелдерін жинақтауды, оқу мақсаттарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;
- оқу бағдарламасының мазмұны негізіндегі әр сынып үшін пән бойынша бағалаудың формалары мен тәсілдерінің әртүрлілігін қамтиды.

Төменде критериалды бағалау жүйесінде қолданылатын теориялық негіздердің сипаты ұсынылды.

Құзыреттілікке негізделген тәсілдеме

Құзыреттілікке негізделген тәсілдемеде оқу нәтижелерін бағалау білім алушының белгілі сатысында білім алушылардың «жыл басында» қол жеткізген білімдерінің деңгейлерін талдауға негізделеді.

Күтілетін нәтижелер ҚР МЖМББС және оқу бағдарламасын толық меңгерудің қорытындысы бойынша туындайтын білім алушылардың тәжірибесінен және қабілетінен, дағдысынан, білімі мен білігінен көрінеді.

ЭЫДҰ баяндамасында құзыреттіліктің үш санатын атап көрсетеді (ЭЫДҰ, 2003):

- құралдарды интерактивті қолдану: сөйлеу, символдар мен мәтіндер; білім мен ақпарат; технологиялар.
- әркелкі топтарда әрекет ету: басқалармен жақсы қарым-қатынаста болу қабілеті, командамен жұмыс жасау және ынтымақтастық, шиеленісті шеше білу және басқару.
- өз бетінше әрекет ету: көріністі жан-жақты көре білу және әрекет ету қабілеті, жеке жобалар, өмірлік жоспарларды қалыптастыру, жүзеге асыру, қажеттіліктер мен нормаларды, қызығушылықтарды, құқықты сақтап қалу, қорғау.

Білім берудегі құзыреттілікке негізделген тәсілдеме адамның іс-әрекетке дайындығын, өмірге қажетті құзыреттіліктерді алу жолымен социумда қызмет етуін анықтайды. Білім берудің нәтижесін ұсынатын деңгейдің бірі *функционалдық сауаттылық* болып табылады. Функционалдық сауаттылықты дамытуға жалпы бағыттылық Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анықталған, ондағы мақсаттың бірі жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгертін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алуудағы қажеттілігін қанағаттандыру,

еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту болып табылады.

3-суретте мінездің дифференциация арқылы өтетін «жасауға қабілетті»-ден «жасай алатынына сенімді»-ге дейінгі әрекеттермен көрсетілген құзыреттілік деңгейін анықтау үдерісі берілген (П.Рейс, 1993).



3-сурет. «Құзыреттіліктер салдары»

Критерийлер негізіндегі бағалау үдерісінде білім алушылар өз құзыреттілік әлеуетін біртіндеп ұлғайтады, «Жасай алатынына сенімді» деңгейінде күтілетін нәтижеге жетеді деп болжанады (2-сурет).

Осылайша, құзыреттілікке негізделген тәсілдемеге сәйкес оқу бағдарламасын меңгеру, бағалау критерийлерін бақылау, өлшеуге қатысты берілген оқу мақсаттарына жеткенін айғақтайтын нақты нәтижелер арқылы бағаланады.

Кері дизайн

Мұғалім әрекетінің «оқу мақсаттары – сабақ – бағалау» реттілігі классикалық түрге айналды. Алайда білім беру үдерісін жобалаудың жаңа моделі аталған ұстанымның бағаланатын, қол жеткізетін білім, білік, дағдылар арасындағы сәйкессіздік тұрғысынан алғанда қайта қарауды қажет ететіндігін көрсетеді (нені оқытуы және нені бағалау қажеттігі арасындағы қарама-қайшылық).

Кері дизайн – бұл білім беру үдерісіндегі арнайы педагогикалық жобалау технологиясы, негізгі критерийі мазмұн емес (контент), оқытудың жоспарланған нәтижелері болып табылады (Велединская, Дорофеева, 2014). Тәжірибе көрсеткендей, мұғалімнің оқу мақсатын анықтап, бағалау үдерісін жобалауы, қарастыруы, содан соң ғана жоспарлауы арқылы білім

алушыларға сабақ өткізу әрекеті әлдеқайда тиімдірек екені байқалды.

Кері байланыс технологиясы аясында білім беру үдерісін жоспарлауда үш кезенді жүзеге асыру қарастырылады (Уигнис және Тай, 2011):

1-кезең – Мақсаттар мен қалаулы нәтижелерді анықтау, яғни «Білім алушылар нені білуі, түсінуі және істеуі тиіс?» деген сұраққа жауап;

2-кезең – Қолайлы дәлелдерді анықтау, яғни «Білім алушылардың қалаулы нәтижелерге жетуі мен олардың стандарттарға сай болуына не дәлел болады?» деген сұраққа жауап;

3-кезең - Оқуды және білім алушылардың нәтижелерге жету үдерісін жоспарлау.

Мұғалімге толық оқу-әдістемелік кешенді алдын ала ұсыну (оқу бағдарламалары, оқу жоспарлары, қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар үлгілерінің жинағы, мұғалімдерге арналған жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсыныстар және т.б.) кері байланыс үдерісінде білім беруді жоспарлауға мүмкіндік береді: оқу бағдарламасы – бағалау үдерісі – оқыту мен оқу үдерісі. Бұл оқу үдерісі оқу мақсатына жетуге, ал бағалау оқу қорытындысы бойынша күтілетін нәтижеге сәйкес деңгейді белгілеуге бағыттайды.

Әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясы

Критериалды бағалау жүйесі оқытуда әлеуметтік-конструктивистік көзқарасқа сүйенеді. Әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясы білім беруде ұжымдық, топтық, жеке-тұлғалық оқыту үдерісінде әлеуметтік конструкцияға ерекше көңіл бөледі. Дэвис және Херш (1981) оқытуда сындарлы (конструктивистік) көзқарасы бар мұғалім оқыту мен бағалаудың білім мен дағдыны дамытуға бағытталғанын түсінеді деп есептейді. Білім танымның келісілген аймағы ретінде қарастырылады; білім алушы білімді пассивті түрде алуды тоқтатып, сол білімнің «жасаушысы/құрастырушысы» бола бастайды.

Пиажениң (1967) әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясына сәйкес білім алушылар қандай дағдыларға қол жеткізді, қолынан не келеді, нені таныды тұрғысынан өз түсінігін қалыптастырған адам ретінде қарастырылады. Оқыту білім алушылардың жаңа ақпаратты түсінуін, тәжірибе жинақтауын өзгерту (трансформациялау) үшін қолданылуы қажет деп түсіндіріледі (Выготский, 1966). Бұл білім алушылардың өз дағдыларын дамытуына, келешекте рефлексия арқылы абстракциялар көмегімен негізгі қағидаттарды қолдануына мүмкіндік береді (Дарлинг және Вэнворс, 2010).

Әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясына сәйкес білім алушылардың ойлауын дамыта оқыту түрлі дереккөздерден (мұғалім, құрдас, оқу

ресурстары) «алынған» білімнің «бар болуын» өзара әрекеттестіріп, социуммен үйлесімді қарым-қатынас орнату арқылы қамтамасыз етеді, «мүлдем жаңа» білім ортасын құрады. Бағалау әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясының идеяларына негізделген, ол түрлі елдерде кеңінен қолданылып жүрген қалыптастырушы бағалауды тәжірибеде жандандыруға мүмкіндік береді.

Жақын арадағы даму аймағы

Жақын арадағы даму аймағы түсінігі Л.С.Выготскийдің енгізуімен белгілі, ол «жақын арадағы даму аймағы, баланың даму деңгейі, яғни қандай тапсырманы ол өз бетінше орындай алатынын және үлкендермен, өз құрдастарымен жұмыс жасай отырып жете алатын әлеуетті даму деңгейі арасындағы айырмашылығын білетінін анықтайды» дегенді білдіреді (Выготский, 1978, 86-бет).

Осылайша, қалыптастырушы бағалау үдерісінде мұғалім немесе қабілетті құрдастарының бірі білім алушыға қолдау көрсетсе, оның дамуы жақын арадағы даму аймағында өтеді.

Скаффолдинг теориясы

Скаффолдинг теориясы Л.С.Выготскийдің жақын арадағы даму аймағы түсінігімен тығыз байланысты, оқыту когнитивтік емес, ең әуелі, әлеуметтік, тұлғааралық деңгейлерде болады деп болжайды. Аталған дәйектерге қарамастан, Л.С.Выготскийдің өзі «скаффолдинг» терминін ешқашан қолданбаған (Стоун, 1998), ол тек адамның когнитивтік дамуындағы әлеуметтік өзара әрекеттің маңызды рөлін атап көрсеткен.

Скаффолдинг (көпіршелер тұрғызу) – білім алушыға жақын арадағы даму аймағымен жүруіне және өз бетінше орындай алмайтын тапсырманы орындауға көмектесу үшін мұғалім көрсететін интерактивті қолдау (Глоссарий, 2012, 91-бет).

Скаффолдингтің жаңашыл теориясы – бұл білім беру үдерісіне қатысушылардың арасындағылардың өзара сеніміне негізделген серіктестік. Оқу үдерісінің барысында қойылған мақсаттарға жету үшін қажетті көмек көрсету мақсатымен білім алушыларды қолдау (Дж.С.Брунер, 1976) қалыптастырушы бағалау тәжірибесінде мұғалім орындайтын маңызды функциялардың бірі болып табылады.

«Скаффолдингтің» негізгі сипаттамалары:

1. Жалпы мақсаттардың болуы. «Скаффолдинг» үшін аса маңызды жағдай «интерсубъективтіліктің» бар болуы болып табылады (Рогофф, 1990),

ол екі субъектінің екі түсінікке ортақ түсініктерінің болу жағдайы. Интерсубъективтілік мұғалім мен білім алушының оқудағы нәтижеге ортақ жауапкершіліктерінің болуы ретінде қарастырылады.

2. Ағымдық диагностика және бейімделуге қолдау көрсету. Скаффолдингтің маңызды ерекшеліктерінің бірі білім алушыларға қажетті қолдауды «бірте-бірте» көрсету үшін мұғалім олардың ілгерілеуін үздіксіз бағалап отыратын дерек болып табылады. Сондықтан мұндай өзара әрекет «білім алушылардың қажетті дағдыларды меңгеруіне, жоғары деңгейдегі тапсырмаларды орындай алуына көмектесуі керек» (Вуд және басқалар, 1976, 97-бет).
3. Диалог және өзара әрекет. Мұғалім мен білім алушылардың өзара әрекеттері скаффолдингте диагностикалық болып табылады. Бұл білім алушыларды селқос білім мен тәжірибе алушы емес, сұрақтар/тапсырмаларды шешуде белсенді қатысушы, серіктес ретінде көруге мүмкіндік береді. Ал өзара әрекет диалогтің арқасында мүмкін болады (Браун және Палинксар, 1985; Палинксар және Браун, 1984), яғни мұғалім мен білім алушы немесе білім алушы мен білім алушы арасындағы әңгімелесулер.
4. Қолдауды азайту, жауапкершілікті беру. Скаффолдинг жағдайларының бірі білім алушыларға мұғалім тарапынан көрсетілетін қолдау көлемін біртіндеп азайту. (Вуд және басқалары, 1976). Бұл біртіндеп білім алушылардың өз оқуына өзі жауапкершілікпен қарай алуына толық жеткізу болып табылады.

Қалыптастырушы бағалау теориясы

Дәстүрлі жағдайда мұғалім білім алушыларды оқыту мен бағалауға қатысты жауапты тұлға ретінде танымал. Алайда оқудағы білім алушы мен құрдасының рөліне де назар аудару қажет. Мұғалім көп жағдайда тиімді оқу ортасын құруға, енгізуге жауапты, ол кезде білім алушылар сол ортада оқуға, нәтижеге жетуге жауапты болады. Оқытуға жауапкершілік мұғалімге де, білім алушыға да жүктелетіндіктен (серіктестік құқық тілінде – «ынтымақтастық жауапкершілік»), екеуі де нәтижеге жетуде кез келген келеңсіздіктердің алдын алуға күш жұмсауы қажет.

Қалыптастырушы бағалау теориясы аясында білім алушыларды қолдау үдерісінің негізі төмендегідей үш сұрақтан тұруы қажет: «білім алушылар оқудың қай сатысында тұр?», «өз оқуында олар қайда ұмтылады?» және «соған жету үшін оларға қандай көмек көрсету қажет?», бұл сұрақтар оқудағы үш қатысушымен тікелей байланысады (мұғалім, сыныптас және білім алушы), бұл 1-кестеде көрсетілген (Уильям және Томсон, 2007).

1-кесте. Қалыптастырушы бағалау аспектілері

Агенттер	Білім алушы оқуда неге талпынады?	Білім алушы оқытудың қай сатысында?	Білім алушы қойылған мақсатқа қалай жетеді?
Мұғалім	Бағалау критерийлерін, күтілетін нәтижелерді түсіндіру	Білім алушылардың түсінгенін айғақтау ретінде қызмет ететін тиімді сынып ішіндегі пікірталасты, басқа оқу міндеттерін қалыптастыру	Білім алушыларды алға ұмтылуға ынталандыратын кері байланыс беру
Құрдас	Бағалау критерийлерін, күтілетін нәтижелерді жалпы түсінуін қалыптастыру	Білім алушыларды өзара оқыту ресурстары, құралдары ретінде қолдану	
Білім алушылар	Бағалау критерийлерін, күтілетін нәтижелерді жалпы түсінуін қалыптастыру	Білім алушылардың өз білімдерін өздері «жасаушылар/құрушылар» ретінде қалыптасуы	

Мәліметтер қалыптастырушы бағалаудың бес негізгі стратегиялардан тұратынын көрсетеді:

- Бағалау критерийлері мен күтілетін нәтижелерді түсіндіру;
- Білім алушылардың түсінгені туралы дәлелді көрсететін сыныптағы өзара әрекет пен тиімді тәсілді қалыптастыру;
- Білім алушыларды нәтижеге жетуге ынталандыратын кері байланыс беру;
- Білім алушыларды өзара оқу ресурстары, дереккөздері ретінде қатыстыру;
- Білім алушыларды өз білімдерін өздері «жасаушылар/құрушылар» ретінде қалыптастыру.

Білімді толық меңгеру теориясы

Б.Блумның білімді толық меңгеру теориясы (Learning for mastery, 1970) жақсы оқитын білім алушы мен нашар оқитын білім алушы нәтижелерінде 90% айырмашылық болатынын түсіндіретін негізгі үш факторды анықтайды.

Бірінші фактор білім алушылардың жаңа тапсырмаларды шешуді меңгеріп, оқу үдерісіне бейімдей алатын түрлі білімі мен қабілеттерін диагностикалауды болжайды. Бұл нәтижелердің қорытынды айырмашылығын 50%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Екінші фактор болашақта оқуды ынталандыруға ерекше әсер ететін, алғашқы келеңсіздіктердің алдын алуға бағытталған эмоционалдық

қолдау көрсетуді болжайды. Нәтижесінде жетістік қорытындысының айырмашылығын 25%-ға дейін қысқарту мүмкін болады.

Үшінші фактор оқу ортасы мен уақытты есепке ала отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде жеке қолдау мен марапаттауды ұсынады. Осылайша, қорытынды нәтиженің 25% ерекшелігі қысқаруы мүмкін.

Білімді толық меңгеру теориясы жиынтық бағалау кезінде балдарды есептеу әдістемесі мен баға қою механизмін анықтаудың негізі болып табылады. Тоқсандық жиынтық бағалау мен бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудағы балдардың түрлі әсер етуі тоқсанның соңына дейінгі қорытынды бағаны жақсартуға мүмкіндік береді.

Тоқсан барысында білім алушылар алғашқы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық жұмыста төмен балл алса, онда қорытынды нәтижені жақсарту мүмкіндігі сақталады.

Оқу мақсаттарының таксономиясы

Оқу мақсаттары білім алушылардың ілгерілеуін көрсету үшін тиімді пайдаланылуы мүмкін. Критериалды бағалау жүйесінде оқу мақсаттары ерекше маңызды, олар критерийлерді анық, жеңіл, түсінікті формада құрастыруға мүмкіндік береді.

Әр оқу бағдарламасында оқу мақсаттары білім алушылардың пәнді меңгеруін дамытуы қажет білімі мен дағдыларын анықтайды. ҚР МЖМББС күтілетін нәтижелерді анықтау, осы дамытуды ақпараттандыру үшін оқу бағдарламасындағы негізгі бағыт болып табылатын Б.Блумның (1956) таксономиясы қолданылады.

Оқу мақсаттарының таксономиясы (Блум, Кратволь, 1956) ойлау дағдыларының алты деңгейін болжайды:

Білу – өтілген материалды дәйек, жағдай, негізгі тұжырымдар мен жауаптарды көрсету арқылы есте сақтауды дәлелдеу.

Түсіну – материалды бір түрден екінші түрге ауыстыру, материалды интерпретациялау, оқиғаның барысын болжау.

Қолдану – ережелерді, жаңа білімді түрлі нұсқада қолдану.

Талдау (анализ) – толық объектіні ұсақ бөліктерге ажырату, оның мәнін түсіну және меңгеру үдерісі.

Жинақтау – бұрынғы жеке түсінікті толық біріктіру үдерісі. Ақпаратты жаңа үлгідегі элементтердің түрлі әдістерімен біріктіру немесе альтернативті шешім ұсыну арқылы жүйелеу.

Бағалау – анықталған стандарттар мен критерийлердің негізінде объектінің жетістіктері, кемшіліктері, құндылықтары, маңыздылығы мен басқа да сипаттарын анықтайтын үдеріс.

ҚР МЖМББС қолданылатын таксономиялық тәсіл оқу мақсаттары ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес бағалау критерийлерін құрастыруға мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау жүйесінде бағалау критерийлері ойлау дағдыларының деңгейлері бойынша үш топқа бөлінген: білу және түсіну; қолдану; жоғары деңгейдегі дағдылар (талдау, жинақтау және бағалау).


Сөйлеу әрекетінің теориясы

Тілдік пәндерді оқыту сөйлеу әрекеттерінің (И.А.Зимняя, 1973) толық сипаттарын меңгеріп, өз бетінше қалыптастыру тұрғысынан жүзеге асырылуы қажет. Сөйлеу әрекеттерінің түрлері мынадай дағдыларды қамтиды: ақпаратты еске түсіру дағдысы ретіндегі айтылым мен жазылым, сондай-ақ, ақпаратты қабылдауға бағытталған дағды ретіндегі тыңдалым мен оқылым.

Бағалау критерийлері аясында тілдік пәндер үшін ұсынылған сөйлеу әрекеттері дағдылары бойынша ҚР МЖМБС-нда күтілетін нәтижелерге сәйкес білім алушылардың не істей алатыны, коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері қандай мақсатта тексерілуі қажет екендігі анықталады.

5 КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Оқу жылы барысында оқудың ілгерілеуі, үлгерімі туралы мәліметті жинау үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау (4-сурет). Жиынтық бағалау өз кезегінде бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық, орта білім беру деңгейі бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдерінен тұрады.



4-сурет. Критериалды бағалаудың құрылымы

Бағалау тәсілдері критериалды бағалаудың түрлеріне, пән мазмұнына қарай ерекшеленуі мүмкін.

Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды, мұғалім мен білім алушы арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі. Қалыптастырушы бағалау кезінде білім алушылардың қателесуге, оны түзетуге құқығы бар. Бұл білім алушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді.

Тиімді оқу, оқыту мақсатында білім алушылардың оқу үдерісіндегі ілгерілеуін, ағымдағы түсінік деңгейін қадағалау қажет. Оқу бағдарламасындағы бөлімнің әрқайсысындағы оқу мақсаттары, күтілетін нәтижелері қалыптастырушы бағалаудың тәжірибелік мазмұнын анықтайды. Сонымен бірге қалыптастырушы бағалау үдерісі стандартталмайды, яғни әр мұғалім өз бетінше қалыптастырушы бағалауды өз тәжірибесі арқылы анықтай алады, оның нәтижесіне қатысты жауапкершілікті өз мойнына алады. Мұғалімдердің қалыптастырушы бағалаудың әр түрлі әдістерін қолдануы оқыту мен бағалау үдерісін кіріктіруге мүмкіндік береді.

Мұғалімнің іс-әрекетіндегі қалыптастырушы бағалау үдерісі Мұғалімдерге арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулықта жан-

жақты көрсетілген сипаттама келесі кезеңдерді жүзеге асыруды талап етеді:

- қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау;
- қалыптастырушы бағалау әдістерін таңдау;
- кері байланыс беру
- қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау.

Жиынтық бағалау мұғалімдерге, білім алушылар мен ата-аналарға ұсыну үшін оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, триместр, оқу жылы, орта білім беру деңгейі) аяқталғанда өткізіледі. Бұл белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, тіркеуге, жоспарлау, түзету, оқу үдерісіне талдау жүргізу үшін жиынтық бағалау нәтижелері бойынша алынған ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау оқу бағдарламасына, оқу жоспарына сәйкес бөлім немесе ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде өткізіледі. Жиынтық бағалаудың аталған түрінің нәтижесінде білім алушыларға тоқсандық баға қою кезінде ескерілетін балл қойылады. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары оқу мақсаттары мен бағалау критерийлеріне сәйкес құрастырылады.

Тоқсандық жиынтық бағалау тоқсан соңында өткізіледі, оқу бағдарламасы мазмұнын білуі, дағдысы, түсінуі туралы дәлелдерді ұсына отырып, тоқсандағы оқуға қатысты ілгерілеуді өлшейді. Алынған нәтиже тоқсандық баға қою кезінде ескеріледі.

Жиынтық бағалау ойлау дағдыларының әр түрлі деңгейін, соның ішінде жоғары ойлау деңгей дағдыларын: талдау, жинақтау, бағалауды тексеретін түрлі деңгейдегі тапсырмалардан тұруы қажет.

Мұғалімдерге арналған критериалды бағалаудың нұсқаулығында жиынтық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру кезеңдері (бөлім/ортақ тақырыптар бойынша, тоқсандық), нәтижелерді талдау, тоқсандық жиынтық бағалауды модерациялау үдерісін ұйымдастыру, өткізу туралы толық сипатталған.

6 ҮЙЛЕСТІРУШІЛЕР ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

6.1 Критериалды бағалау жүйесін енгізу үдерісін басқару

Білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесін енгізу аясындағы іс-шараларды төмендегі бағыттар бойынша өткізу ұсынылады:


- ұйымдастырушылық-басқарушылық қамтамасыздандыру;
- педагогтердің кәсіби өсуіне қолдау көрсету;
- ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз ету.

Нормативтік базаны қалыптастыру, ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандыру үшін ұсынылады:

1. Критериалды бағалауды енгізу бойынша үйлестіруді жүзеге асыратын мектеп, өңірлік үйлестірушілердің қауымдастығын құру.
2. Әр мұғалімнің критериалды бағалау бойынша барлық нормативтік, әдістемелік құжаттарға қолжетімділігін қамтамасыз ету.
3. Нормативтік, әдістемелік құжаттармен жұмыс бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
4. Өңірлік, мектеп үйлестірушілерін аудандық/қалалық білім беру бөлімдерінің тәжірибелі әдіскерлерінің, жалпы білім беретін мектеп директорлары орынбасарларының ішінен анықтау.
5. Мектеп мұғалімдері, өңірлік, мектеп үйлестірушілерінің арасында тұрақты түрде өзара іс-әрекетті орнату, ұйымдардағы мұғалімдердің бағалау материалдары мен рәсімдерін құрастыруға, қолдануға белсенді қатысуы үшін жағдай жасау.
6. Критериалды бағалау бойынша іс-әрекет құрылымын ұйымдастыру, 5-суреттегі форматқа сәйкес қызметкерлердің міндеттерін анықтау.
7. Білім алушыларға қолдау көрсету үшін педагогикалық және басқа да көмек түрлерін, ата-аналарға кері байланыс беру жұмысын жүйелі ұйымдастыру.

Мұғалімдердің кәсіби өсуіне қолдау көрсету үшін ұсынылады:

1. Кәсіби қауымдастықтарға, оқу-әдістемелік бірлестіктерге мұғалімдердің қатысуына мүмкіндік беру, жағдай жасау.
2. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру кестесін бекіту.
3. Тренингтерде, семинарларда, коучингтерде, тәлімгерліктерде педагогтердің қажеттілігін анықтау бойынша іс-шаралар өткізу.



5-сурет. Критериалды бағалау жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымы

Барлық білім беру үдерісіне қатысушыларды **ақпараттық-аналитикалық қамтамасыздандыру** үшін ұсынылады:

1. Білім алушылардың үлгерім нәтижелеріне мониторинг жүргізу;
2. Білім беру үдерісіне қатысушылармен өзара әрекетті барлық деңгейде ашық мәдени қатынас, жүйелі кері байланыс беру түрінде орнату;
3. Мектептегі бағалау әрекеттері нәтижелері бойынша мәліметтерді талдау, жинақтауды жүзеге асыру;
4. Барлық мүдделі тұлғаларға есеп беру және оны ұйымдастыру;
5. Бағалауға қатысты туындаған мәселелер бойынша форумдарға белсенді қатысу, талқылау (sk.nis.edu.kz, nao.kz).

6.2 Әдістемелік бірлестік жетекшісінің іс-әрекеті

Мектептегі қалыптастырушы, жиынтық бағалауға қатысты барлық үдерістерді енгізу мен жүзеге асыруға жауапкершілікті әдістемелік бірлестік жетекшілері өз мойнына алады.

Білім алушылардың бағалау рәсімдерінің сапасын қамтамасыз ету бойынша әдістемелік бірлестік жетекшілерінің іс-әрекеттері төмендегідей міндеттерден тұрады:

1. Критериалды бағалау бойынша нормативтік, нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды біледі (1-қосымша), оларды өз іс-әрекетінде басшылыққа алады.
2. Бағалау рәсімдерін жүзеге асыруда мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсетеді.
3. Бағалау рәсімдерін ұйымдастыру мен өткізуге қатысты сұрақтар бойынша мұғалімдерге кері байланыс береді (2-қосымша).
4. Қалыптастырушы бағалау бойынша іс-әрекеттерді үйлестіреді, сабақтарға қатысады, сабақтарды талдайды (3-қосымша), отырыстар өткізеді, сәйкес жазбаларды жүргізеді. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін әдістемелік бірлестік жетекшілері қалыптастырушы бағалау мен мақсаттарға қатысты мұғалімдердің ортақ түсінігі болуын қамтамасыз етуі маңызды.
5. Оқу жылына пәндер бойынша жиынтық бағалаудың кестесін құрастырады.
6. Тоқсандық, бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың құралдарын құрастыруды немесе іріктеуді, бекітуді қамтамасыз етеді (бағалау критерийлері, түрлі деңгейдегі тапсырмалар, дескрипторлар, балдар, балл қою кестесі), сондай-ақ, жиынтық бағалау материалдарының қауіпсіздігіне жауап береді.
7. Жиынтық бағалаудың балдарын қою кезеңінде мұғалімдерге кеңес

береді.

8. Тоқсандық жиынтық бағалау жұмысына модерация жүргізеді.
9. Балдарды қою мониторингін жүргізеді, электрондық журналдың толтырылуын қадағалайды, білім алушылардың нәтижелеріне талдау жасайды.
10. Қалыптастырушы, жиынтық бағалау түрлерінің нәтижелері бойынша есеп жазады, мектеп үйлестірушілеріне ұсынады. Есеп құрылымының ұсынылған үлгісі 4-қосымшада берілген.
11. Бағалау рәсімдерін қолдану бойынша тәжірибе алмасуды ұйымдастырады.
12. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың қорытындысындағы білім алушылардың оқу жетістігі нәтижелері туралы ақпаратты ата-аналарға дер кезінде жеткізуді ұйымдастырады.

6.3 Мектеп үйлестірушісінің іс-әрекеті

Әр мектепте директордың орынбасарлары критериалды бағалауды үйлестіреді, мектептегі критериалды бағалауды енгізу, қолдануға жауап береді (критериалды бағалау бойынша мектеп үйлестірушілері). Мектеп үйлестірушілерінің іс-әрекетіне мектептегі қалыптастырушы, жиынтық бағалау рәсімдерін, үдерістерін үйлестіру, ұйымдастыру жатады.

Мектеп үйлестірушілерінің міндеттері:

1. Нормативтік, нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды біледі, мұғалімдерге таныстыру жұмыстарын жүргізеді.

Мектеп үйлестірушісі критериалды бағалау жүйесі бойынша нормативтік, нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды білуге, өз іс-әрекетінде басшылыққа алуға міндетті (1-қосымша). Бұл мектепте барлық бағалау үдерістерін енгізуді, тиімді жүзеге асыруды, бағалау құралдары, әдістері, түрлері, рәсімдері мазмұнының түсінігін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Мектеп үйлестірушісі нормативтік, әдістемелік құжаттардағы өзгерістерді қадағалауы, педагогикалық ұжымда таныстыру жұмыстарын жүргізуі, мұғалімдерді дер кезінде ақпараттандырып отыруы қажет.

2. Мектептегі бағалауға байланысты сұрақтар туындаған жағдайда байланыстырушы тұлға болып табылады.

Мектеп үйлестірушісі қалыптастырушы, жиынтық бағалау рәсімдерін жүзеге асыруда мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді. Бағалаудағы озық іс-тәжірибелерімен алмасу және/немесе жетілдіру жұмысы бойынша коучингтерді, тренингтерді, бағалау рәсімдерін ұйымдастыруға, өңірлік үйлестіруші ұйымдастырған басқа да іс-шараларға белсенді қатысады.

3. Бағалауға қатысты іс-тәжірибелерді таратуды, педагогтердің өзара әрекеттері үшін алаңдар, менторлықтар, коучингтер, тренингтер, басқа да іс-шаралар ұйымдастырады.

Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін мектеп үйлестірушісіне өңірлік үйлестірушіден алынған ұсыныстарға сәйкес бағалауға қатысты мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша жоспар құрастыру ұсынылады.

Қажет болған жағдайда мектеп үйлестірушісі іс-шаралар, коучингтер, тренингтер ұйымдастырады, менторлықты (жетекшілікті) қамтамасыз етеді, бағалаудағы іс-тәжірибені таратуға, қалыптастырушы жиынтық бағалауды жүзеге асыруға қатысты әдістемелік қолдау көрсете отырып, мұғалімдердің өзара әрекетіне жағдай жасайды.

4. Мектептегі қалыптастырушы бағалаудың тиімділігіне талдау жасайды, мұғалімдерге, бірлестік жетекшілеріне, басшыларға кері байланыс береді, сабақтарға қатысады.

Қалыптастырушы бағалау кезіндегі нәтижелердің қолжетімділігінің, бағалау критерийлері мен оқу мақсаттары бойынша жалпы түсініктің болуын қамтамасыз ету мақсатында мектеп үйлестірушісі пән бойынша әдістемелік бірлестік жетекшісімен бірге қалыптастырушы бағалау үдерісін үйлестіреді.

Сабақта қалыптастырушы бағалауды жүзеге асырудың оң нәтижелері мен қиындықтарын анықтау, критериалды бағалау жүйесін енгізуге талдау жүргізу бойынша мектеп үйлестірушісі мұғалімдердің сабаққа жүйелі қатысуын, кері байланыс беруін, өзара сабаққа қатысуын ұйымдастыруы қажет (3-қосымша).

Сабақта қалыптастырушы бағалауды тәжірибеде қолданудың тиімділігіне жүйелі талдау жүргізуді қамтамасыз ету үшін сабаққа қатысу жоспарын құру ұсынылады.

Сабаққа қатысудың қорытындысы бойынша мектеп үйлестірушісі мұғалімдер мен әдістемелік бірлестік жетекшілеріне оқу үдерісінде қалыптастырушы бағалау рәсімдерін жүзеге асырудың реттілігі мен дұрыстығына қатысты сындарлы (конструктивті) кері байланыс береді (2-қосымша).

5. Мектептегі тоқсандық жиынтық бағалауды құрастыруды, өткізуді үйлестіреді, ұйымдастырады.

Тоқсандық жиынтық бағалау әр тоқсанның соңында өткізіледі, мектеп үйлестірушісі мектептегі аталған үдерісті ұйымдастыру, өткізуді жоспарлайды, үйлестіреді.

Оқу жылының басында мектеп үйлестірушісі оқу жылына бекітілетін, мұғалімдер, білім алушылар мен ата-аналарды хабардар ететін жиынтық бағалаудың кестесін әдістемелік бірлестіктердің кестелерін есепке ала

отырып, жасайды.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу материалдарын құрастыру, сараптама жасауды ұйымдастыруға жауап береді.

6. Мектептегі тоқсандық жиынтық бағалау жұмысына модерация жүргізуді ұйымдастыруға жауап береді, басшылық жасайды.

Бағалаудың дәлдігін, әділдігін қамтамасыз ететін балл қоюды стандартизациялау мақсатында білім алушылардың тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстары қарастырылатын модерациялау үдерісін өткізеді. Мектеп үйлестірушісі нормативтік, әдістемелік құжаттарда бекітілген тәртіптерге сәйкес әр тоқсанның соңындағы жиынтық бағалау бойынша жиынтық жұмыс үдерісін ұйымдастыруға, модерациялауға басшылық жасайды.

7. Балл қою мониторингін жүргізеді, электрондық журналдың толтырылуын қадағалайды, білім алушылардың нәтижелеріне талдау жасайды.

Мектеп үйлестірушісі жиынтық бағалаудың балдарын қою кезеңінде балл қою кестесіне сәйкес мұғалімдермен балл қою үдерісінің мониторингін жүргізеді. Ол электрондық журналдың толтырылуын, жиынтық бағалау бойынша балдардың қойылуын жүйелі қадағалап отыруы қажет.

Білім алушылар нәтижелерінің талдамасын мұғалімдер келешектегі іс-әрекеттерінде, сабақтағы қалыптастырушы бағалау тәжірибесін жетілдіруде қолдануына болады.

8. Критериалды бағалау жүйесі бойынша ақпараттарды мүдделі тұлғаларға жеткізеді, есеп жүргізеді.

Мектеп үйлестірушісінің мектепте критериалды бағалау жүйесін енгізу жағдайындағы міндеттерінің бірі есеп жүргізу болып табылады. Әр тоқсан соңында білім алушылардың алған нәтижелеріне талдау жүргізуі, есеп жүргізуді қалыптастыруы, өңірлік үйлестірушіге жеткізуі қажет.

Бұдан басқа мектеп үйлестірушісі мектептегі критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша, сондай-ақ, бағалау рәсімдерін жүзеге асыру аясындағы мұғалімдердің, білім алушылардың, ата-аналардың қажеттіліктеріне қатысты ақпараттарды өңдейді, жинақтайды, талдау жүргізеді. Аталған ақпарат өңірлік үйлестірушіге жартыжылдықтың қорытындысы бойынша ұсынылады. 5-қосымшада есеп беру құрылымының формасы ұсынылған.

9. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастырады, жүргізеді.

Тоқсан барысында мектеп үйлестірушісі әр тоқсан барысындағы білім алушылардың ілгерілеуі туралы ақпараттың ата-аналарға жеткізілуін ұйымдастырады, қадағалайды. Одан басқа, критериалды бағалауға қатысты сұрақтарға байланысты түрлі іс-шараларды ұйымдастырады, түсіндіру

жұмыстарын жүргізеді.

10. Басқа мектеп үйлестірушісімен байланыс орнатады.

Мектеп үйлестірушісінің аталған міндетіне бағалау сұрақтарына қатысты түрлі іс-шараларды ұйымдастыру, қатыстыру, басшылық жасау, басқа мектеп үйлестірушісінің іс-әрекеттерімен танысу жатады.

6.4 Өңірлік үйлестірушінің іс-әрекеті

Тағайындалған өңірлік үйлестіруші бағалау жүйесінің сапасын жалпы басқаруды қамтамасыз етеді, қалыптастырушы, жиынтық бағалауға байланысты рәсімдер мен үдерістерді жүзеге асырады, бағалау рәсімдерін жүзеге асыруда мектепке әдістемелік қолдау көрсетеді.

Өңірлік үйлестірушінің міндеттері:

1. Нормативтік, нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды біледі, мектептерге таратады (ретрансляциялайды).

Өңірлік үйлестіруші критериялды бағалау жүйесі бойынша нормативтік, нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды бағалау құралдары, әдістері, формалары, рәсімдерінің мазмұнын терең түсінетінін қалыптастыру мақсатында меңгеруі тиіс (1-қосымша).

Бұдан басқа, өңірлік үйлестіруші аталған үдеріске жұмылдырылған барлық тұлғалар үшін критериялды бағалау жүйесінің нормативтік, әдістемелік құжаттарын таратуды (ретрансляциялауды): дер кезінде жіберуді, құжаттарды жаңартуды, ресурстарға онлайн қолжетімділікті ұсынуды, талқылау үшін алаңдар ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

2. Бағалау рәсімдерін жүзеге асырудың реттілігіне, дұрыстығына жауап береді.

Өңірлік үйлестіруші қалыптастырушы, жиынтық бағалау рәсімдерінің реттілігін, дұрыстығын жүзеге асыруға жауапкершілікпен қарайды. Ол үшін бағалау бойынша келісілген жоспар мен уақытқа байланысты мектепте іс-әрекеттер өткізеді, мектеп үйлестірушілерінің есептерімен, білім алушылар нәтижелерінің дер кезіндегі мониторингтерімен танысады.

3. Мұғалімдердің, білім алушылар мен ата-аналардың қажеттіліктерін анықтайды.

Өңірлік үйлестіруші критериялды бағалау жүйесін енгізудің нәтижелігі мұғалімдердің, білім алушылар мен ата-аналардың түсіну, қабылдау, жұмылдырылу деңгейлеріне тікелей байланысты екенін түсінуі қажет. Білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығымен диалог орнату қажет, бағалау құралдары, әдістері, түрлері, стандарттарын орнату, бағалау рәсімдерінің мазмұнын анықтауда көмек беруі өте маңызды.

Диалог орнату, білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының

қажеттіліктерін анықтау үшін өңірлік үйлестіруші құжаттарға талдау жүргізу жолымен мәліметтерге талдау жасауы, жинақтауы, тәжірибені бақылауы, сауалнама жүргізуі, пікір алмасуы, әңгімелесуі, сұхбат өткізуі қажет. Мәліметтерге талдау жасау мен жинақтау кезінде зерттеу жүргізудің жалпы этикалық нормаларын қатаң сақтауы қажет.

4. Мектеп үйлестірушісінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді.

Өңірлік үйлестірушінің тәжірибені бақылауы, есепті, білім алушылар нәтижелерінің мониторингін, диалогтік алаңды меңгеруі мектеп үйлестірушілерінің командалық іс-әрекетін ұйымдастыруға, келісуге, үйлестіруге мүмкіндік береді. Көп жағдайда мәліметтерге талдау жасау, есеп құрастыруға көмек, кеңестік қолдау көрсету кезінде жергілікті, өңірлік, республикалық іс-шараларды ұйымдастыруды, мерзімімен келісуді талап етеді.

5. Өңірлік деңгейде бағалау бойынша іс-шараларды ұйымдастырады, педагогтерге, ата-аналарға, қоғамға бағалау сұрақтарына қатысты жұмыстарға кеңес беруді жүргізеді.

Өңірлік үйлестіруші бағалау сұрақтарына қатысты педагогтер, қоғам үшін жоспарлы, жоспарсыз (қажет болған жағдайда) іс-шаралар ұйымдастырады. Бағалауға қатысты тиімді тәжірибелерді тарату, педагогтердің әлеуетін арттыру мақсатында диалогтік алаң, функционалдық менторлық, кәсіби коучингтер, тренингтер өткізу бойынша жұмыстарды үйлестіреді.

Сондай-ақ, үйлестіруші критериалды бағалау рәсімдерін жүзеге асыру сұрақтары бойынша мектеп үйлестірушілеріне өз бетінше кеңес береді, немесе кеңестік қызмет көрсету үшін сыртқы сарапшыларды қатыстыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

6. Мәліметтерге талдау жүргізеді, ұсыныстар құрастырады, есеп жүргізеді.

Бағалау үдерісін түсіну, талдау жүргізу үшін жинақтау механизмін, бірыңғай үлгіде мәліметтерді өңдеуді реттеу қажет.

Әр тоқсан сайын өңірлік үйлестіруші мектептегі бағалау тәжірибесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды, пікірлерді қалыптастыру үшін білім алушылардың оқу нәтижелері бойынша мектеп үйлестірушілерінің есебін жинақтайды, талдау жасайды.

Бұдан басқа, жартыжылдық қорытынды бойынша өңірлік үйлестіруші мектеп үйлестірушілері ұсынған ақпараттарды, тәжірибелерді, мектептегі критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша өзінің бақылауы негізіндегі ақпараттарды жинақтайды, өңдейді, талдау жүргізеді. Бұл барлық мүдделі тұлғаларға есептік ақпаратты жүргізуге, ұсынуға мүмкіндік береді. 6-қосымшада ұсынылған есеп беру құрылымының үлгісі берілген.

Есеп жүргізу, мәліметтерді өңдеу, талдау жасау жоспарлы (әр тоқсандағы нәтижелер бойынша, жартыжылдық, оқу жылы қорытындысы бойынша), жоспарсыз (белгілі бір мақсаттарға, сұраныстарға қатысты) болады.

Аталған міндетті жүзеге асыру нәтижесінде өңірлік үйлестірушінің:

- бекітілген бағалау рәсімдерінің сәйкестігін анықтауға;
- бағалау жүйесі қызметінің білім алушыларды, ата-аналарды қанағаттандыруын анықтауға;
- мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету нәтижелеріне баға беру, талдау жүргізуге;
- бағалау рәсімдеріне байланысты мәселелерді анықтауға, критериалды бағалаудың сапасын арттыру бойынша ұсыныстар енгізуге мүмкіндігі бар.

Статистикалық мәліметтерді қолдануды, талдау жасаудың жүйелілігіне назар аударуды ұсынады.

7. Әдістемелік, ресурстық, нұсқаулық материалдарды жинақтау бойынша жұмыстарды үйлестіру.

Өңірлік үйлестіруші бағалау құралдарының стандартизацияланған бірыңғай базасын (бағалаудың қалыптастырушы, жиынтық түрлеріне қатысты тапсырмалар, тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы, білім алушылар жұмысының үлгілері, рубрикалар, кері байланыс түрлері, т.б.), бағалау рәсімдерін өткізудің бай тәжірибесін (сабақтағы, сабақтан тыс шаралар, модерация және т.б.) қалыптастыруды, жинақтауды қамтамасыз етеді.

8. Басқа өңірлік үйлестірушілермен бірлесе әрекет етеді.

Өңірлік үйлестіруші өз іс-әрекетінде ұжымының көмегіне, қолдау көрсетуіне жүгіне алады. Оның кәсіби ортада жемісті өзара әрекет ете алуы, көшбасшылық сапасын көрсетуі, білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау сұрақтарына байланысты басшылық, ұйымдастырушылық шешімді қабылдауы үшін команданың толық мүшесі болуы қажет.

7 КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ

Критериалды бағалау жүйесін енгізу мен апробациялау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі құрастырған, бекіткен жаңартылған білім беру мазмұнына көшу кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Енгізу мен апробациялаудың әр кезеңінен кейін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі, критериалды бағалау жүйесін енгізу бойынша әдістемелік ұсыныстар жетілдіріледі.

Критериалды бағалау

Мұғалімдерге

1. Сапалы нәтиже алуға мүмкіндік беретін критерийлерді құрастыруға;
2. Өз іс-әрекетіне талдау жасап, жоспарлау үшін жедел ақпараттануға;
3. Оқыту сапасын арттыруға;
4. Әр білім алушының оқудағы жеке траекториясын оның жеке қабілеті мен ерекшеліктеріне қарай құруға;
5. Бағалаудың түрлі құралдары мен тәсілдерін қолдануға;
6. Нормативтік, әдістемелік құжаттардың мазмұнын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге.

Білім алушыларға

1. Өзінің түсінгенін жеткізу үшін қабілеттерін, ойлау әрекеттері түрлерін, оқудың түрлі стильдерін қолдануға;
2. Өзінің оқу нәтижелерін жоспарлау, жетістігін сезіну үшін бағалау критерийлерін білу және түсінуге;
3. Өзін, өзінің құрдасын бағалай отырып, рефлексияға қатысуға;
4. Сыни ойлау, өзінің түрлі көзқарасын білдіру, нақты мәселені шешу үшін білімін қолдануға.

Ата-аналарға

1. Өз баласының білім деңгейіне қатысты нақты дәлелдер алуға;
2. Баласының оқудағы ілгерілеуін қадағалауға;
3. Оқу үдерісінде баласына қолдау көрсетуге;
4. Мектеп әкімшілігі, мұғалімдермен кері байланыс орнатуға;
5. Мектепте, сыныпта өз баласының жайлы жағдайына сенімді болуға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалауды енгізу, кез келген жаңалықтағы сияқты белгілі бір қиындықтар туындатуы мүмкін. Сондықтан үйлестірушілерге болуы мүмкін қатерлерді, оның алдын алу шараларын есепке алып, дер кезінде шара қолдануы қажет (2-кесте).

2-кесте. Үйлестірушілер іс-әрекетіндегі қатерлер мүмкіндігі мен олардың алдын алу шаралары

Қауіп-қатер мүмкіндігі	Алдын алу шаралары
Критериалды бағалаудың негізгі сұрақтарына қатысты мұғалімдердің теориялық дайындықтарының жеткіліксіздігі, тәжірибелерінің, қажетті тәжірибелік дағдыларының аздығы.	• Мұғалімдердің біліктілікті арттыру курстарында оқуын қамтамасыз ету. • Мұғалімдердің пост-курстық әдістемелік қолдау көрсету мүмкіндіктерін пайдалану. • Бейінді оқыту семинарларын, шеберлік сыныптарын ұйымдастыру. • Тәжірибе алмасуды ұйымдастыру.
Критериалды бағалау жүйесін енгізу кезіндегі адаптациялық кезеңнің аздығы	• Тәжірибелік дағдыларды жетілдіру мен сәйкес тәжірибелерді жинақтау үшін мұғалімдерге қажетті уақыт беру. • Мұғалімдер арасында ашық ынтымақтастық пен өзара көмек беру ахуалын құру.
Критериалды бағалауға қажетті материалды, құралдарды құрастыруда, нәтижелеріне талдау жүргізуде мұғалімдердің немқұрайлылық танытуы.	• Қалыптастырушы және жиынтық бағалау бойынша әдістемелік материалдар кешеніне қолжетімділікті ұсыну. • Мұғалімдердің онлайн қолдау көрсету мүмкіндіктерін пайдалану (бейнересурстар, форумдар және т.б.). • Бағалау құралдарын құрастыру кезінде мұғалімдердің топтық жұмыстарын ұйымдастыру. • Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларына сыртқы онлайн сараптама жүргізу. • Білім алушылардың жұмыстарын модерациялауға қатысу.
Ата-аналардың критериалды бағалау жүйесін түсінбеуі.	• Мектептегі ата-аналармен жұмыс жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау. • Ата-аналар үшін жеке кеңестер, оқыту семинарлары мен тренингтер ұйымдастыру. • Ата-аналарды балаларының оқу үдерісіне қатыстыру деңгейін кері байланыс сапасын жақсарту арқылы арттыру.
Критериалды бағалау жүйесін енгізу кезінде мектеп әкімшілігі, үйлестірушілердің тарапынан лайықты қолдау көрсету мен бақылау жасаудың болмауы.	• Үйлестірушілердің өзін-өзі ұстай білуін, ынтасын, белсенділігін дамыту. • Мектеп әкімшілігі мен мұғалімдер арасында ашық өзара қарым-қатынас орнатуға көмектесу.

ҚОРЫТЫНДЫ

Үйлестірушілердің іс-әрекеттері нәтижесінде критериалды бағалау жүйесі:

- білім алушылардың оқу жетістігін әділ бағалауға;
- білім алушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып, әр білім алушының дамуының жеке траекториясын анықтауға;
- күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін білігі мен дағдысын дамыту бойынша білім алушылардың ынтасын арттыруға;
- оқыту мен сабақ беру сапасын жақсартуға;
- білім беру бағдарламаларының сапасын жетілдіруге;
- оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері мен оқу материалдарын меңгеру сапасын анықтау үшін мұғалім – ата-ана – білім алушы арасындағы өзара байланысты жүзеге асыру бойынша жұмыс жүйесін құрастыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Адамский, А. (2009). *Что такое качество образования?* Мәскеу: Эврика, 2009.

Биггс Дж. и Тан С. (2007). *Применяя конструктивное выравнивание в преподавании и обучении на основе полученных результатов.*

Блум Б.С. (1970). *Теория полного усвоения: теория и практика.* Нью Йорк: Лонгман.

Блум Б.С., Кратволь Д. (1956). *Таксономия целей обучения.* Нью Йорк: Лонгман.

Блум Б.С. (1956). *Классификация учебных целей.* Нью Йорк: Лонгман.

Блэк П., Уильям Д. (2009). *Педагогические исследования: формативное оценивание.* Британдық ғылыми-зерттеу журналы №29.

Бойл Б., Чарльз М. (2010). *Как определять текущую оценку: эффективный метод для оказания необходимой поддержки преподаванию и обучению в первые годы ребенка и в начальном образовании.* «Школа Лидерства и Менеджмента» журналы, 30(2), 285-300.

Болотов В.А., Вальдман И.А. (2013). *Виды и назначения программ оценки результатов обучения школьников.*

Браун А.Л. и Палинксар А.С. (1985). *Взаимообучение: деятельность по оказанию содействия по обучению чтению.* Нью Йорк: Колледж Борд.

Брунер Дж.С. (1976). *Игра и ее роль в развитии и эволюции.*

Велединская С.Б., Дорофеева, М.Ю. (2014). *Смешанное обучение: технология проектирования учебного процесса.* «Сибирский открытый университет» білім беру және ғылыми мекеме ассоциациясы.

Вуд Д., Брунер, Дж. С., Росс, Г. (1976). *Скаффолдинг, тьюторство и компьютерное сопровождение обучения.* Балалар психологиясы мен психиатриясы журналы, 17(2), 89-100.

Выготский Л.С. (1966). *Мышление и речь. Избранные психологические исследования.* Мәскеу: АПН РСФСР баспасы.

Выготский Л.С. (1978). *Развитие высших психических функций.* Мәскеу: АПН РСФСР баспасы.

Глейзер, Р. (1963). *Обучающие технологии и измерение целей обучения.* «Американский психолог» журналы, 18(8), 519-521.

Кембридж университетінің білім беру факультетімен бірлесіп, Педагогикалық шеберлік орталығы құрастырған, Қазақстан Республикасындағы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курсының деңгейлік бағдарламасының глоссарийі: оқу-әдістемелік құрал (2012). Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік

орталығы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылы 7 желтоқсандағы №1118 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы білім беруді 2020 жылға дейін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.

Дарлинг Х.Л., Вэнворс Л. (2010). *Обучающая система Бэнчмаркинга: оценивание деятельности обучающегося в международном контексте*. Стэнфорд университеті, Білім беру аясындағы саяси мүмкіндік орталығы.

Догерти Р. (1995). *Национальная учебная программа по оцениванию: обзор политики 1987-1994 годов*. Фалмер баспасы.

Дэвис П., Херш Дж. (1981). *Математический опыт*. Лондон: Книги Пингвин.

2007 жылдың 27 шілдесіндегі №319-III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

Зимняя И.А. (1973). *Психология слушания и говорения*. Мәскеу: Докторлық диссертация.

Мэнселл В., Джеймс М. (2009). *Реформа в оценивании: оценивание в школе*.

ЭЫДҰ (2014). *Ұлттық білім беру саясатына шолу. Қазақстандағы орта білім беру*.

Палинксар А.С. и Браун А.Л. (1984). *Чтение, мышление и разработка концепции: стратегии для классной работы*. Нью Йорк: Колледж Борд.

Пиаже Ж. (1967). *Биология и знание*. Париж, Галлимард.

Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 21 тамыздағы № 358 бұйрығымен бекітілген 2014-2027 жылдарға 12 жылдық білім беруге көшу бойынша жұмыс жоспары.

«2012-2016 жылдарға мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша ұлттық іс-әрекеттер жоспарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің қаулысы.

Рейс П. (1993). *Не брать во внимание преподавание, но полностью прочувствовать обучение*. СЕДА журналы.

Рогофф Б. (1990). *Ученичество в мышлении: познавательное развитие в социальном контексте*.

Роуч А.Р., Солт С.И., Сегерстром С.К. (2008). *Обобщаемость повторяющейся мысли: исследование стабильности в содержании мысли и процесса*. Когнитивті терапия және зерттеу журналы, 34(2), 144-158.

Солдатов А. (2013). *Я – бизнес-тренер*. Мәскеу: Альпина Паблишер.

Стоун К.Б. (1998). *Школьные вожаки и директора школ: партнеры на страже академических достижений*.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы

18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Оқушылардың аралық және қорытынды аттестация бойынша үлгерімін ағымдық бақылаудың типтік ережесі.

Уигнис Г. и Тай Дж. (2011). *Что такое «обратный дизайн»?*

Уильям Д. (2008). *Изменяя практику в классе. Заметки из исследований* Ширли Кларка, Дилана Уильяма и Национальной стратегии.

Уильям Д. и Томсон М. (2007). *5 основных стратегий для формативного оценивания.*

Шамова Т.И. (2007). *Современные средства оценивания результатов обучения в школе.* Мәскеу: Ресейдің педагогикалық қоғамы.

ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша

Критериалды бағалау бойынша нормативтік және нұсқаулық-әдістемелік құжаттар

- Жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын, білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалауды өткізу тәртібі (қазақ және орыс тілдерінде);
- Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық (қазақ және орыс тілдерінде);
- Негізгі, жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық (қазақ және орыс тілдерінде);
- Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалауды енгізу бойынша нұсқаулық (қазақ және орыс тілдерінде);
- Қалыптастырушы бағалауға арналған тілге, пәнге, сыныптарға қатысты тапсырмалар жинағы;
- Жиынтық бағалауға арналған тілге, пәнге, сыныптарға қатысты әдістемелік ұсыныстар;
- Жергілікті атқару органдары деңгейінде бекітілген критериалды бағалау жүйесі бойынша басқа да нормативтік және әдістемелік құжаттар.

Мұғалімдерге кері байланыс беру ережесі

Кері байланыс ...



Мұғалімдердің кері байланыс алу ережесі

- Кері байланысты мұқият оқыңыз/тыңдаңыз.
- Кері байланысты жақсы ниетпен қабылдаңыз.
- Кері байланысқа қатысты өз ойыңызды білдіре аласыз.
- Тәжірибе алмасуға, ынтымақтастыққа мүмкіндік беретін кері байланысқа ризашылығыңызды білдіріңіз.
- Кері байланысқа мұқият талдау жүргізіңіз, ұсыныстармен келісуге не келіспеуге сіздің құқығыңыз бар.
- Өз қажеттілігіңіз бен мүмкіндіктеріңізге сүйене отырып, өз тәжірибеңізді келешекте өзгерту туралы шешім қабылдаңыз.
- Қажет болған жағдайда өзгерістерді жүзеге асыру үшін ұжымнан, үйлестірушіден көмек сұраңыз.

Мектеп үйлестірушілері үшін сабақты бақылау парағы

Мұғалім: Үйлестіруші: Күні: Білім алушылар саны: Сабақтың тақырыбы:		Бақыланбайды	Кейде бақыланады	Бақыланады	Шікірлер
Бағалау					
1.	Жоспарлау Сабақ жоспарына сабақ мақсатына сәйкес бағалау рәсімдері енгізілген (бағалау әдістері, кері байланыс беру формалары, өзара бағалау, өзін-өзі бағалау, рефлексия).				
2.	Оқыту Сабақ оқу материалының ағымдық меңгеру деңгейі есепке алынып құрылған.				
3.	Бағалау критерийлері Әр білім алушыға белгілі, оқу мақсаттарын тексеру үшін қолданылатын бағалау критерийлері белгіленген.				
4.	Кері байланыс Нәтижеге жету, оқу материалын жақсы меңгеру үшін мұғалімдерге жағымды, сындалы (конструктивті) кері байланыс беріледі.				
5.	Тапсырмалар Өтілген тақырыпты жан-жақты түсінуге қол жеткізу, қорытындылау үшін тапсырмалар сапалы құрастырылған.				
6.	Тапсырмаларға нұсқау Білім алушыларға арналған тапсырмалар нұсқаулығы анық, түсінікті, нақты берілген.				
7.	Мұғалімдерге қойылатын сұрақтар Мұғалімдер жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін сәйкес сұрақтарды дұрыс қою техникаларын қолданады.				
8.	Ойлауға берілетін уақыт Мұғалімдер білім алушылардың ойлануына жеткілікті уақыт береді (тапсырмаларды орындау кезінде, сауал қоюда, талқылауда және т.б.).				

9.	Білім алушыларға қойылатын сұрақтар Білім алушылар өз бетінше сұрақтар құрастыра алады, оларды сабақта қолдана алады.				
10.	Өзара бағалау Білім алушылардың өз құрдастарынан қолдау табу, өзара білім алмасу арқылы кері байланыс алуына мүмкіндік беріледі (сөйлесуге, талқылауға, бірін-бірі сыни бағалауға, бір-біріне түсіндіруге мүмкіндік беру).				
11.	Өзін-өзі бағалау Білім алушыларға оқу әрекетінің нәтижелілігін, жетістігін өз бетінше бағалауға, оқу сапасын жетілдіру тәсілдерін анықтауға мүмкіндік беріледі.				
12.	Бақылау Білім алушылардың қажеттілігін дер кезінде анықтау, қадағалау үшін мұғалім бақылау және жазба жұмысын жүргізеді.				
Бағалау тәжірибесінің жақсы жақтары		Дамытағын тұстары			
Қосымша пікірлер					

БАҒАЛАУДЫҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ЖӘНЕ ЖИЫНТЫҚ ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ

ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША

ЕСЕБІ

Білім беру ұйымының атауы _____ Әдістемелік бірлестік _____

№	Сұрақ	Есептік ақпарат	Орындау деңгейін 1-ден (өте төмен деңгей) 5-ке дейінгі (өте жоғары деңгей) шәкілмен бағалаңыз				
			1	2	3	4	5
1.	Критериалды бағалау жүйесі бойынша нормативтік құжаттар. Критериалды бағалау жүйесі бойынша нормативтік құжаттарға қатысты қандай түсіндіру жұмыстары жүргізілді?						
2.	Сабақта қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру және өткізу. Пайдалы жақтары мен қиындықтары қандай?						
3.	Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды енгізу және өткізу. Пайдалы жақтары мен қиындықтары қандай?						
4.	Тоқсандық жиынтық бағалауды енгізу және өткізу. Қандай пайдалы жақтары мен қиындықтары бар?						
5.	Сабақтарға қатысу, өзара сабаққа қатысу. Қандай жұмыстар жүргізілді? Қандай нәтижелер болды? Қандай жұмыстар жоспарланған?						
6.	Критериалды бағалауға қатысты сұрақтар бойынша форумдарға қатысуы, критериалды бағалау бойынша әдістемелік материалдарды мұғалімдердің қолдануы Жұмыс қалай ұйымдастырылған?						
7.	Әдістемелік материалдарға мұғалімдердің пікірлері (мұғалімдерге арналған критериалды бағалауға арналған нұсқаулық, қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы, жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстарына)						
8.	Мұғалімнің ұсыныстары мен сұрақтары, қажеттіліктері, ұсынымдары						

Әдістемелік бірлестік жетекшісінің аты-жөні _____

Күні _____

Қолы _____

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУГЕ ҚАТЫСТЫ
ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЕСЕБІ
Білім беру ұйымының атауы _____

№	Сұрақ	Есептік акпарат	Орындау деңгейін 1-ден (өте төмен деңгей) 5-ке дейінгі (өте жоғары деңгей) шәкілмен бағалаңыз				
			1	2	3	4	5
1.	Қритериалды бағалау жүйесі бойынша нормативтік құжаттар. Қритериалды бағалау жүйесі бойынша нормативтік құжаттарға қатысты қандай түсіндіру жұмыстары жүргізілді?						
2.	Мектепте қалыптастырушы бағалауды енгізу мен қолдану. Пайдалы жақтары мен қиындықтары қандай?						
3.	Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру. Ата-аналармен қандай түсіндіру жұмыстары жүргізілді?						
4.	Білім алушылармен жұмысты ұйымдастыру. Білім алушылар арасында қандай түсіндіру жұмыстары жүргізілді? Білім алушылар үшін қандай жеке қолдау көрсету жұмыстары ұйымдастырылды?						
5.	Мектепте бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды енгізу және қолдану. Пайдалы жақтары мен қиындықтары қандай?						
6.	Мектепте тоқсандық жиынтық бағалауды енгізу және қолдану. Қандай пайдалы жақтары мен қиындықтары бар?						
7.	Білім алушылар портфолиосы. Білім алушылар портфолиосы қалай жүргізіледі, қайда сақталады?						
8.	Сабақтарға қатысу, өзара сабаққа қатысу. Мектептегі сабаққа қатысу қалай ұйымдастырылған? Қандай жұмыстар жоспарланған?						
9.	Қритериалды бағалауға қатысты сұрақтар бойынша форумдарға қатысуы, критериалды бағалау бойынша әдістемелік материалдарды мұғалімдердің қолдануы Жұмыс қалай ұйымдастырылған?						
10.	Қритериалды бағалауға қатысты сұрақтар бойынша іс-шаралар ұйымдастыру. Қандай іс-шаралар (оқыту семинарлары, тренингтер, шеберлік сыныптары және т.б.) өткізілді?						
11.	Әдістемелік материалдарға мұғалімдердің пікірлері (мұғалімдерге арналған критериалды бағалауға арналған нұсқаулық, қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы, жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстарына)						
12.	Мектептің ұсыныстары мен сұрақтары, қажеттіліктері, ұсынымдары						

Мектеп үйлестірушісінің аты-жөні _____ Күні _____ Қолы _____

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУГЕ ҚАТЫСТЫ
ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЕСЕБІ
Білім беру бөлімі _____

№	Сұрақ	Есептік ақпарат	Орындау деңгейін 1-ден (өте төмен деңгей) 5-ке дейінгі (өте жоғары деңгей) шәкілмен бағаланыз				
			1	2	3	4	5
1.	Критериалды бағалау жүйесі бойынша нормативтік құжаттар. Критериалды бағалау жүйесі бойынша нормативтік құжаттарға қатысты қандай түсіндіру жұмыстары жүргізілді?						
2.	Мектепте қалыптастырушы бағалауды енгізу мен қолдану. Пайдалы жақтары мен қиындықтары қандай?						
3.	Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру. Ата-аналармен қандай түсіндіру жұмыстары жүргізілді?						
4.	Білім алушылармен жұмысты ұйымдастыру. Білім алушылар арасында қандай түсіндіру жұмыстары жүргізілді? Білім алушылар үшін қандай жеке қолдау көрсету жұмыстары ұйымдастырылды?						
5.	Мектепте бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды енгізу және қолдану. Пайдалы жақтары мен қиындықтары қандай?						
6.	Мектепте тоқсандық жиынтық бағалауды енгізу және қолдану. Қандай пайдалы жақтары мен қиындықтары бар?						
7.	Білім алушылар портфолиосы. Білім алушылар портфолиосы қалай жүргізіледі, қайда сақталады?						
8.	Сабақтарға қатысу, өзара сабаққа қатысу. Мектептегі сабаққа қатысу қалай ұйымдастырылған? Қандай жұмыстар жоспарланған?						
9.	Критериалды бағалауға қатысты сұрақтар бойынша форумдарға қатысуы, критериалды бағалау бойынша әдістемелік материалдарды мұғалімдердің қолдануы Жұмыс қалай ұйымдастырылған?						
10.	Критериалды бағалауға қатысты сұрақтар бойынша мектеп үйлестірушілері мен мұғалімдері үшін іс-шаралар ұйымдастыру. Қандай іс-шаралар (оқыту семинарлары, тренингтер, шеберлік сыныптары және т.б.) өткізілді?						
11.	Әдістемелік материалдарға мұғалімдердің пікірлері (мұғалімдерге арналған критериалды бағалауға арналған нұсқаулық, қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы, жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстарына)						
12.	Мектептің ұсыныстары мен сұрақтары, қажеттіліктері, ұсынымдары						

Өңірлік үйлестірушінің аты-жөні _____ **Күні** _____ **Қолы** _____

«Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясында басылды.
010000, Астана қ., №31 көше, 37а үй.
e-mail: info@cpm.kz.